

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1471

Алматы қалалық сотының 1997 жылғы 7 шілдедегі N 939/9 және 1997 жылғы 21 шілдедегі N 963/14 сот шешімдерін атқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 29 "Кезек күттірмейтін іс-шаралар" бағдарламасында көзделген, "Өсімдіктерді қорғау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 996 P990996_ қаулысына сәйкес "Қаламгер" кәсіпорны мен "АЕРБ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алдындағы берешегін ішінара өтеу үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлінген қаражаттан 27 548 000 (жиырма жеті миллион бес жүз қырық сегіз мың) теңге сомасындағы қалдық ақшаны пайдалануға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті бір апта мерзімде бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді

осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Құпия.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қаржы министрі Ораз Әлиұлы Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК